

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ**

**«Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІ» РМҚК**



**Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІНІҢ
2020 ЖЫЛҒА
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Алматы, 2019

Бекітемін
Ә. Қастеев атындағы
ҚР МӨМ директоры
Шалабаева Г.К.

20 қаңтар 2020 г.

Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІНІҢ 2020 ЖЫЛҒА ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейінің қызметі еліміздің мәдени көркемдік мұрасын коллекциялау, зерттеу, сақтау және репрезентациялау (ол туралы қайта таныстыру, мәлімет беру) сияқты музейдің басты міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған. Музейдің басты мақсаты әлемдік өнер туындыларын сақтауға және қалың көрермен аудиториясына таныта түсуге бағытталған қызметтің алуан түрін (қор, экспозиция, ғылыми, ақпараттық және т.с.с.) кешенді жоспарлы орындаудан тұрады.

Музей жұмысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік мәдени саясатымен бір арнада түзіліп, мемлекеттік стратегияның бас талаптарына жауап береді. 2020 жыл музей оқиғаларын жүзеге асыратын тұжырымдаманы анықтайтын атаулы күндер мен оқиғаларға толы. Осылайша, 2020 жыл Қазақстанда Волонтер жылы деп жарияланды. Президент Қ. Тоқаев волонтерлықты патриотизм мен қоғамға қызмет етудің бір формасы екенін атап өтті. Волонтер жылы аясында «Асыл мұра» бағдарламасы халқымыздың материалдық және мәдени-тарихи мұрасын сақтауға волонтерларды тартуды талап етеді. Бұл әрі мәдениет пен өнер саласындағы бағдарламаларды жүзеге асыруға жастарды тартуға зор мүмкіндік береді.

2020 жылғы екінші бір атаулы күн Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығы болып отыр. Бұл атаулы күнге орайластырып, соғыс тақырыбына музей қорынан көрме өткізу, бірқатар театр қойылымдарын өткізу, әрі Мемлекеттік Орыс музейімен (Санкт-Петербург) онлайн форматында дөңгелек үстел ұйымдастыру да жоспарда тұр.

Музей Қазақстан мәдениетінің қос көрнекті қайраткері Әл-Фарабидің 1150 жылдығы мен Абайдың 175 жылдығы сияқты екі ірі мерейтойды атап өтуге қатысуды ұйғарды.

Музей үшін тағы бір атаулы мереке – өз музейіміздің құрылғанына 85 жыл толуы, 2020 жылы музейде өтетін барлық оқиғаларға мерейтойлық логотип қолданылады, ал қыркүйекте «Музей жаһандық әлемде: мәдени мұраны сақтау» халықаралық ғылыми семинарын өткізу ойда бар.



Музей үшін мерейтойлы болатын 2020 жылы музей экспозицияның негізгі бөлімдерін қайта экспозициялауға бастама көтерді, бұл тұрақты экспозицияның бөлімдерінің үлкен бөлігін тыңғылықты жаңартып, өзгертуге мүмкіндік береді. Сөз музей экспозициясын құру тәсіліндегі тұжырымдамалық өзгеріс туралы болып отыр. Бұл:

- Көрмеге сирек қойылатын жақсы туындыларды бірінші рет шығаруға;
- Экспозиция алаңының ағымдағы және жаңа түсті схемасын қайта қарап, іске асыруға;
- Шапшаң құбылмалы әлемде өзгеріп жаңарған музейді көрсетуге мүмкіндік береді.

Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің қызметі Қазақстан Республикасының бірегей көркемдік мұрасын сақтау мен дәріптеуден тұратын музейдің басты міндетін жүзеге асыруға бағытталған. Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі өз міндетін ойдағыдай атқару үшін өз қызметін әлемдік өнер туындыларын коллекциялау, оларды сақтау, ғылыми-зерттеу, реставрациялау, қалың көрермен қауымға насихаттау бағытында жүзеге асырады. Музей құрылымында қор сақтау және реставрация бөлімі, ғылыми бөлімдер, жоба қызметі және музей педагогикасы, баспасөз қызметі, көрме және экспозиция орталығы, баспа бөлімі, техникалық қызмет және әкімшілік аппараты бар. Музей жанында екі бөлімше жұмыс істейді: Орталық көрме залы және Ә. Қастеевтің мұражай-үйі. Музей жұмысының тиімділігі музей қызметінің: қор сақтау, экспозиция, ғылыми, ақпарат, білім беру, жоба және басқа да негізгі түрлерін қамтитын барлық құрылымдық бөлімшелерінің жоспарлы және жолға қойылған жұмысына негізделген.

Мемлекеттің мәдени саясатының негізгі кластері саналатын музей мемлекеттік даму стратегиясында белгіленген негізгі нұсқауларды ұстанады. Мемлекеттік бағдарламаның басым бағыттарының бірі «Рухани жаңғыруды» Қазақстан мәдениетін әлемдік процеске қосу деп білеміз. 2019 жылы Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ музей коллекциясындағы үздік туындыларды ұсынған көшпелі шет елдік көрмелерді өткізді. Екі көрме 2019 жылы наурыз айында Ресейде өтті: бірі – «Алпысыншы жылғылар. Түркі романтизмі» (Мәскеу) және екіншісі «Сергей Калмыковтың жұлдызды тостағаны» (Санкт-Петербург). Мамыр-шілде айларында Венецияда Қазақстан графикасының «Ұлы дала ырғақтары», желтоқсанда Қазақстанның Өзбекстандағы күндері аясында Ташкентте «Қазақстан: тау

мен дала рухы» көрмесі өтті. Шет елдерде Қазақстан өнеріне қызығушылық көп, ал мұндай жобалар бұдан былайғы ынтымақтастықтың болашағына жол ашады.

Қазақстан мәдениетін халықаралық мәдени кеңістікте ілгері бастыра отырып, Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ 2020 жылы Австрия мен Венада көрмелер өткізуді жоспарлап отыр. Маусым-шілдеде Вена музей кварталының галереясында Қазақстан графикасының үздік туындыларын көрсететін Қазақстан графикасының экспозициясын өткізу ұйғарылды.

Ұлттық кодты сақтау – музей қызметі саласындағы маңызды фактор. Ол – халықтың өткендегі, бүгінгі және болашақтағы мүмкіндік деңгейін біріктіретін тұғырнамасы. Дәстүрдің ұлы күшін сақтауды арқау еткен тұғырнама. Қазақстан ұлттық мәдениетінің жаршысы болып отырған музей халықтың тарихи жады мен ұлттық мәдени кодын сақтауға міндетті. Бірегей коллекцияның арқасында музей қазақ халқының тарихы мен дамуының әртүрлі тарихи кезеңдерін ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі қолданбалы және бейнелеу өнерінің көркем түрінде ұсынады.

Біздің міндетіміз – Қазақстан өнерін насихаттау жұмыстарын тек жергілікті тұрғындарға ғана бейімдемей, елімізден тысқары жерлерде де көркем шығармашылықты қарқынды түрде көрсете білу.

Осылайша, музей 2020 жылы жобаларды жүзеге асыруда мәдени саясаттың келесі басымдықтарына назар аударады:

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында музей көрмелерін шет елдерге алып шығатын көшпелі көрмелерді ұйымдастыру жолымен **қазақ мәдениетін әлемдік кеңістікке кіріктіру** бойынша жұмыс жүргізілуде. Қазақстан мәдениеті мен өнерін шет елдерде қайта таныстыратын көшпелі жобаларды ұйымдастыру да, Қазақстан көрермендеріне шет елдік көрмелерді көрсету де **халықаралық ынтымақтастықты күшейтеді**. 2020 жылы Чехия, Ресей, Қытай, АҚШ және басқа елдермен бірлескен көрме және ғылыми жобаларды ұйымдастыру бойынша бірлескен жұмыстар көзделген.

2. Музей коллекциясының бас каталогымен жұмыс әрі жалғасуда. У-дан Я-ға дейінгі жұмыстарды, театр кескіндемесі бөлімін, кейінгі жылдары түскен жұмыстарды қамтитын Қазақстан кескіндемесінің үшінші (соңғы) томын шығару ұйғарылды. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорындағы Орыс өнері және Қытай өнері каталогтарымен жұмыс аяқталды (қаржыландыру мәселесі басы ашық қалып отыр).

3. **«Цифрлы Қазақстан»** бағдарламасы аясында жұмыс жалғасуда: музей коллекциясының толық электрондық каталогын жасау, мүсіннің 3D галереясымен жұмысты жалғастыру, суретшілердің қолтаңбаларының мәліметтер базасын құру, мәліметтерді Қазақстанның мәдени мұрасы мен музейлік объектілерінің бірыңғай мемлекеттік тізіліміне беру.

4. **Музей мен оның іс-шараларын ақпараттық насихаттау қызметі** – барлық музей іс-шараларын кеңінен

жариялау, бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты түрде жариялауды қамтамасыз ету, музей сайтының үнемі жаңартып, толықтырып отыру және әлеуметтік желілерде жұмыс істеу.

5. **Адам капиталының сапасын арттыру.** Музей қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруға – магистратураға, докторантураға түсуге, біліктілік арттыру факультетінің курсынан өтуге жағдай жасау. Әрбір қызметкердің тұлғалық және кәсіби өсуімен жұмыс – бірінші кезектегі міндет болғандықтан, музей осы үшін қолайлы жағдай жасауға база назар аударады.

6. **Музейде білім мен ғылым саласында мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асырылуы.** Музей білім беру жобалары мен музей педагогикасы бағдарламаларын белсенді өткізеді. Атап айтқанда, олар: «Әсем әлем» академиясы аясында қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан тарихы өнері мен әлемдік өнер тарихынан дәрістер курсы, ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер мен пікірталас алаңдары, «Музей түні», отбасылық фестивальдар, квестер. 2020 жылы «Музей жаһандық әлемде: мәдени мұраны сақтау» атты халықаралық ғылыми семинарын ұйымдастыру жоспарланды. Ол 2020 жылы 23-25 қыркүйекке белгіленді.

7. **Музейдің әлеуметтік жобалары.** Ерекше мұқтаж көрермендерді қоса тұрғындардың барлық тобының музейге келуіне жайлы жағдай жасауға бағытталған ауқымды қоғамдық маңызы бар «Қол жетімді музей» жобасын жүзеге асыру жалғасын табуда. Мүгедек жандарға арналған шығармашылық жобаларды жүзеге асыруға көмек көрсетіледі.

8. **Қайырымдылық жоба** – РФ Бас консулдығының қолдауымен муковосцидозбен ауыратын балаларға жәрдем ретінде «Періштелер уақыты III» қайырымдылық сауда-саттығының халықаралық аукцион алдындағы көрмесі. Жоба спектакльдер мен концерттік бағдарламаларға ұласады (12-26 қаңтар).

9. **Туризмді дамыту перспективасын** ескеріп, біз музейді туристік кластерде басты өндіруші буын ретінде күшейтуге тырысамыз. Туризм – жоғары табысты индустрия. Бұл компонент еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында да маңызды роль атқарады. Музей өз қызметін басқаларға қызықты болу үшін осындай жұмыстар істейді. Музей жұмыстың инновациялық формаларын дамыту жолдарымен келушілерді қызығушылығын оятуға тырысады.

Көркемдік музей – қоғамның мәдени-білімдік белсенділігін, ғылыми қызметті арттыру, еліміздің имиджі мен туристік тартымдылығын қалыптастыру мәселелерінде маңызды әлеуетке ие болып отырған, мәдени және тарихи жадыны сақтайтын әлеуметтік-мәдени институт. Қазіргі музей – өнер, білім, ғылым, байланыс, мәдени ақпарат және шығармашылық инновациялар орталығы.

Негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- музей коллекциясын зерттеу және насихаттау, туындылардың ғылыми атрибуциясын жасау;
- қоғамдық маңызды мәдени жобалар ұйымдастыру;
- қалың көрермендер аудиториясын тарту бойынша жұмыс жүргізу;
- жеке ғылыми тақырыптармен жұмыс және оны одан әрі жүзеге асыру (жариялау, ғылыми жобалар, конференциялар);
- музей экспозициясының барлық бөлімдері бойынша әдістемелік құралдар дайындау;
- коллекцияны насихаттау мақсатында жаңа уақытша тақырыптық көрмелер жасау;
- музейдің жиынтық каталогымен жұмыс;
- музейді жаңғыртуды жүзеге асыру және т.б.

Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ-нің 2020 жылға жалпы жоспарлы көрсеткіштері

- экскурсия, дәріс жүргізу – 600
- келушілермен қамтамасыз ету – 100 000 адам
- өткізілетін көрме – 50.

Төменде музей бөлімдерінің 2020 жылға жұмыс жоспарлары беріледі.

МУЗЕЙДІҢ ҚОР ЖӘНЕ РЕСТАВРАЦИЯ ЖҰМЫСЫ

Музейдің жинақтамасын кешендеу, құрастыру және сақтау музейдің басты міндеті болғандықтан, музейдің қор жұмысы музей қызметінің маңызды бөлігі болып саналады. Қор жұмысына көркем туындыларды есепке алу, сақтау және реставрациялау кіреді.

2020 жылдың 1 қаңтарына Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ-нің қорындағы экспонаттардың саны 25 374-ке жетті.

Қор сақтау бөлімінің қызметкерлері мәліметтерді Қазақстанның мәдени мұрасы мен музей объектілерінің бірыңғай мемлекеттік тізіліміне беру жұмысымен шұғылдандуда (қазақ және орыс тілдерінде) – әр жыл сайын қордағы 3 500-ден астам экспонаттың мәліметі беріледі.

Экспонаттарды тұрақты сақтауға (сыйға, КҚД-дан, ҚСК-дан (Қорсатып алу комиссиясынан түскендер); музейдің жалпы жұмыс жоспары аясында ҚСК жүргізу; уақытша сақтауға экспонаттар қабылдау, көрмеге экспонаттар беру (соның ішінде көшпелі көрмелерге де); инвентарлық сипаттама жазуға экспонаттар беру, қорды цифрлау (фотосуретке түсіру) Қор қызметіне де, сақтау және есепке алу секторларының да қызметіне кіреді. Бұлардан өзге бөлім қызметкерлері келесі жұмыстарды ұдайы жүргізіп отырады:

- реставраторлардың профилактикалық байқауы, реставрациялау, туындының сақталу күйін сипаттау;
- қажетті құжаттар мен музей ішілік қозғалыс актілерін жасау;

- мәдени құндылықтарды сақтау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қорда жыл сайын инвентаризация жүргізу;
- бөлімдер бойынша қордағы бар затты салыстырып тексеру: зергерлік бұйымдар (күміс), киіз, мүсін, тоқыма, ағаш, қыш;
- сипаттамаларды инвентарлық кітаптарға түсіру, туындыларды белгілеу;
- музей қорындағы жұмыс картотекаларын ғылыми орталықтар: Қазақстан кескіндемесі, тоқыма және сәндік-қолданбалы өнер, ежелгі орыс өнері, орыс және Батыс Еуропа өнері қорларындағы картотекалармен салыстыру;
- музейдің жалпы каталогымен жұмыс: Қазақстан кескіндемесі – III том, Қазақстан графикасы, заманауи сәндік-қолданбалы өнер, Шығыс өнері каталогтары.
- телевизиялық түсірілімдер;
- облыстық музейлердің, училищелердің, Әл-Фараби ат. ҚазҰУ және Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА тәжірибе жинаушыларымен жұмыс;
- музейдің Реставрациялық кеңесін, Қор-сатып алу комиссиясын ұйымдастырып, өткізу.

Келер жылдың жоспарына енген келесі көрмелерді өткізуі үшін музей залдарына туындылар беруге шешім жасалды:

Шетел кескіндемесі – «Батылдық, күш, абырой мен ар-ождан». Орыс ер адамының портреті	Қаңтар	Шетел өнері бөлімі Мырзабекова М.К.
Заманауи шетел өнері көрмесі, жалғасы	Қаңтар-ақпан	Шетел өнері бөлімі Мырзабекова М.К.
Батыс Еуропа өнері залын қайта экспозициялау	Қаңтар-ақпан	Шетел өнері бөлімі
«Алғыс айтамын». Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері, Қазақстан кескіндемесі – И.З. Яреманың жеке көрмесі	ақпан	Ажарова Н. Б. Горовых О.Е. Елеуова А.Д.
Белоруссия, Молдова, Украина өнерінің көрмесі	Жыл ағымында	Шетел өнері бөлімі Мырзабекова М.К.
Жапон графикасы мен сәндік-қолданбалы өнер көрмесі	Наурыз –сәуір	Шетел өнері бөлімі Мырзабекова М.К. Абировва Б.А.
Қазақстан бейнелеу өнері көрмесі Тұлкиев	Наурыз	Әбілдаева Л. Елеуова А.Д.
Қазақстан бейнелеу өнері.	Наурыз	Мамытова С.М.

Б. Әсемқұл, А. Орақбай, Н. Нурахмет		Елеуова А.Д.
Шетел графикасы – Жапон графикасы көрмесі	Сәуір	Вологодская В. Абировва Б.А.
Қазақстанбейнелеу өнері – Қазақстан графикасы – А.Хақимов., А. Ророкин	Сәуір	Қырықбаева Ж.Н. Елеуова А.Д.
Қазақстан кескіндемесі– Шет ел кескіндемесі. Жеңіс күніне арналған көрме	Мамыр	Қазақстан бейнелеу өнері бөлімі. Шет ле өнері бөлімі Елеуова А.Д. Мырзабекова М.К.
Қазақстан кескіндемесі – Қазақстан графикасы. Хлудовтың туғанына 170 жыл толуына арналған көрме	Маусым-шілде	Джадайбаев А. Елеуова А.Д. Қырықбаева Ж.Н.
Қазақстан кескіндемесі – Р.Хальфиннің көрмесі	Шілде	Резникова Е.И. Елеуова А.Д.
Шет ел графикасы – Сәндік-қолданбалы өнері Қытай суретшілері	Шілде-тамыз	Копелиович М.М. Мырзабекова М.К. Әбировва Б.А.
Қазақстан графикасы Сидоркиннің туғанына 90 жыл толуына арналған көрме	Қыркүйек	Қазақстан БӨ бөлімі Қырықбаева Ж.Н.
Қазақстан кескіндемесі- сәндік-қолданбалы өнері. Табылдиевтардың отбасылық көрмесі	Қазан	Нұғманова Ш. Қырықбаева Ж.Н. Горовых О.Е.
Қазақстан графикасы Г.А. Головковтың туғанына 85 жыл толуына арналған көрме	Қараша	Қожамұратова А.С. Қырықбаева Ж.Н.
Қазақстан кескіндемесі мен графикасы. Абайдың 175 жылдық мерейтойына арналады	Қараша	Қазақстан БӨ бөлімі Қырықбаева Ж.Н. Елеуова А.Д.

Қорды инвентаризациялау – қордың барлық қызметкерлері атқаратын жылдағы жұмыстың түрі. Жұмыс Мәдени құндылықтарды сақтау туралы нұсқаулыққа сәйкес жүргізіліп, музей коллекциясындағы заттардың бар-жоғын салыстырып тексеруге мүмкіндік береді. 2020 жылы жоспар бойынша салыстырылып-тексерілетіндер:

- Күмістен жасалған және зергерлік әшекей бұйымдар – 1-тоқсан (комиссия: Молдашева Г.Б., Школьная И.А., Әбирова Б.А., Әлкина А.Қ.)

- Қазақстан графикасы – 2-3 тоқсан (комиссия: Молдашева Г.Б., Школьная И.А., Бөкеш Т.Б., Горовых О.Е., Әбирова Б.А., Қырықбаева Ж.Н.)

- Қазақстан кескіндемесі – 3-4 тоқсан (комиссия: Молдашева Г.Б., Школьная И.А., Бөкеш Т.Б., Қаратаев Ө.А., Мырзабекова М.К.).

Ғылыми қызметкерлермен бірлесіп инвентарлық сипаттама, сипаттамаларды салыстырып, тексеру – кем дегенде 300.

Туындыларды фотосуретке түсіру – жыл бойы – керегінше және ғылыми каталогтарды дайындау үшін.

Қор сақтау және есепке алу бөлімшесінің **реставрация бөлімінің** жұмысының арқасында бірегей өнер туындылары сақталып, өмірге екінші қайтара жолдама алып жатады.

2020 жылы жоспарлы көрсеткіштер бойынша реставрациялаудан өтетін туындылардың саны:

- Кескіндеме – 55 (консервация және жуу – 200 эксп.)

- Графика – 75

- Металл, тері – 20 (тазалап, өңдеу – 200 эксп.)

- Жұмсақ инвентарь – 20 (тазалап, жеңіл реставрациядан өткізу – 70 эксп.)

- Мүсін – 15.

1. Туындыларды реставрацияға дейін, реставрация кезінде және реставрациядан кейін фотофиксациялау.

2. Кескіндемелік туындыларды шаңнан тазарту, былғаныштарын тазалау, жөндеу және жақтауларын бояу.

3. Реставрация түскен туындыларды конверттеу (кескіндемелік туындының арт жағынан матамен қаптау).

4. Қорларды жоспарлы дезинсекциялау: тоқыма, киіз, кілем, жұмсақ инвентарь және т.б.

5. Арнаулы әдебиеттермен жұмыс, конференцияларға, семинарларға, көрмелерге қатысу – жыл бойы.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

Музей көркемдік ұйым ғана емес, ғылыми-зерттеу орталығы ретінде де қызмет ететіндіктен, ғылыми жұмыс музей қызметінің басты басым бағыттарының бірінен саналады. Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты музей коллекциясын зерттеу, оған суретшілер мен оның заманы туралы деректі мәліметтерді жинау, атрибуция бойынша зерттеу жұмысын жүргізу, жиналған мәліметтерді жинақтау жұмыстары жатады. Теориялық зерттеулер ғылыми және көпшілік басылымдарда мақала жариялау, конференцияларда баяндама жасау түрінде жүзеге асырылып, практикалық

қолданысқа ие болады, сондай-ақ экскурсия, дәріс және әдістемелік жұмыстар дайындаған кезде пайдаланылады.

Музейдің ғылыми-зерттеу жұмысын өнер музейінің ғылыми қызметін жетілдіру, сонымен бірге Қазақстан мен шет елдердің ғылыми, шығармашылық және педагогикалық қоғаммен байланысын нығайтып, кеңейтуді басты мақсат еткен музейдің Ғылыми кеңесі басқарады. Ғылыми кеңес кешенді даму бағдарламасын әзірлейді, ғылыми қызметтің басты бағыттары мен проблемалары бойынша өзгерістер енгізеді, мақсатқа сай келетіндігі жайлы қорытынды жасап, баспадан шығаруға дайындалған ғылыми, ғылыми-анықтамалық және ғылыми-көпшілік сипаттағы жұмыстарды қарап шығады, т.с.с.

Музей қызметінің ғылыми-зерттеу жұмысының басты бағыты – бас каталогтармен жұмыс. Бұл жұмыс оның мәні мен ролін анықтау және түрлі елдер мен дәуірлердің тарихи және көркемдік ахуалдарын талдау мақсатында коллекциядағы барлық бұйымдарды жан-жақты зерттеуге негіз болады. Бұл – түпкі мақсаты музей коллекциясын тақырыптар бойынша каталог етіп шығару болып табылатын музей жинақтамасы егжей-тегжейлі зерттелетін ұзақ жылдық процесс. 2018 жылы KPMG компаниясының қолдауымен жарық көрген Л-дан Т-ға дейінгі авторларды қамтыған Қазақстан кескіндемесінің II-томы жалғасын табады. 2019 жылы –дан Я-ға дейінгі кескіндемені, театр-декорация кескіндемесін және кейінгі түскен туындыларды қамтитын III томын шығару жоспарда болды. Өкінішке қарай, III томды шығаруға қосымша субсия тартудың сәті түспеді. Осыны біз 2020 жылы жүзеге асырамыз деген үміттеміз. Соңғы тексеру-салыстыру және макетін жасауға мәліметтер дайындау жұмыстары жүргізілуде. Ақпан айының соңында макетті шығаруға материалдарды беру жоспарда тұр.

2020 жылғы келесі маңызды баспалық жобасы – «Қазақстан өнерінің 100 жауһарын» дайындап, кітап қылып басып шығару. Музейде өнердегі үздік деп танылған өнер туындыларының бірегей коллекциясы жинақталған. Оларды бір жалпы жинаққа біріктіру Қазақстанның ғана емес, шет елдік өнер қадірлеушілердің көңілін аударатын таныстырылымдық альбом басып шығаруға мүмкіндік береді.

Е. Сидоркиннің мерейтойлық көрмесі аясында Г. Шалабаеваның авторлық редакциясымен «Е. Сидоркин. Шығармашылық тәсілдің антологиясы» монографиясының басылымын жаңадан толықтыру жоспарда тұр.

Құрамында тәжірибелі сарапшылар – музейдің ғылыми қызметкерлері бар музейдің сараптама кеңесі жұмысы аясында музей қорындағы, сонымен бірге жеке жинақтамалардағы көркем туындыларды сараптап, атрибуциялау – музейдің ғылыми қызметінің ажырамас бөлігі.

2020 жылы күзде жыл сайынғы дәстүрлі «Қастеев оқулары» ғылыми-практикалық конференциясы өтеді. Оның аясында музей қызметінің өзекті мәселелері көтеріліп, ғылыми зертеулердің негізгі нәтижелері көрсетіледі.

Тақырыбы заманауи музейлерде мәдени мұраны сақтау проблемаларына тоғыстырылғандықтан, үстіміздегі жылғы конференция музейдің 85 жылдығына арналды. Ғылыми-практикалық семинар аясында толыққанды кәсіби сұхбат жүргізуге мүмкіндік беретін тақырып барынша кеңінен мәлімделді, бұған халықаралық сарапшылар, музей саласындағы мамандар шақырылады. Конференция 2020 ж. 23-25 қыркүйекте өтеді деп жоспарланды.

Әлемдік көркемдік мәдениетті дәріптеу және музей коллекциясын жетілдіру құралы ретінде келушілер үшін дәрістерді дайындап, оқу – музейдің ғылыми қызметкерлерінің басқа жұмыстарының ешқайсысынан маңызы кем түспейді. «Әсем әлем өнер академиясының» әлемдік және Қазақстан өнерінің тарихынан дәрістер курсы музей көрермендері арасында үлкен беделге ие. 2020 жылы наурыз айының аяғына дейін Қазақстан өнері циклы жалғасады, одан кейін антикадан (көне дәуірден) қазіргі заманға дейінгі әлемдік көркемдік мәдениет бөлімі бастау алады. Сонымен бірге бұрынырақ музей қызметкерлері балаларға арнап дайындаған «Әсем әлем жастар» да дәрістер циклын жалғастырылады.

Музей 2020 жылы музей қызметкерлерінің кәсіби мамандығын көтеру мақсатымен музей қызметкерлеріне арнап бірқатар ғылыми семинарлар өткізеді.

Жеке ғылыми зерттеулер аясында ұзақ уақыттық ғылыми жұмыстардың нәтижесін көрсететін музей қызметкерлерінің «Музей еңбектері» ұжымдық авторлық монографиясын дайындап, басып шығару бойынша жұмыс жүргізілуде. Жинақты шығару 2021 жылға жоспарланды.

Әрбір ғылыми қызметкер жеке ғылыми тақырыпты анықтайтын музей коллекциясының белгілі бір тарауына маманданады. Ғылыми тақырып бойынша материалды зерттеп, жинау, өнер бұйымдарын атрибуциялау, зерттеулердің нәтижелерін мақалалар мен конференция баяндамаларының мәтінінде, сонымен бірге дәрістерде, экскурсиялар мен әдістемелік талдамаларда және т.б. пайдалану ғылыми қызметтің практикалық тәсіліне жатады.

Музейдің әрбір ғылыми қызметкеріне жылына кем дегенде 50 сипаттама жазу жоспарға қойылған.

ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ҒЫЛЫМИ БӨЛІМІ

Коллекциясы қорындағы Қазақстанның кәсіби суретшілерінің кескіндеме, түпнұсқа және баспа графика, театр кескіндемесі және мүсіндік туындылары – барлығы 11883 экспонатты қамтитын музейдегі ірі ғылыми бөлімдердің бірі. Бөлімнің негізгі ғылыми тақырыбы «Қазақстан бейнелеу өнері: тарихы және қазіргі заман» – Қазақстан суретшілерінің шығармашылығын зерттеу, жеке және ортақ стильдік ерекшеліктерін анықтау, Қазақстандағы бейнелеу өнері кәсіби мектебінің түрлі даму кезеңдеріндегі тарихи сатылардың көркемдік ерекшелігін айқындау.

Бөлімнің кадр құрамында 7 адам жұмыс істейді:

Мұқажанова Күлжазира Жұмаділқызы – бөлім меңгерушісі

Мамытова Самал Мұхтарқызы – кескіндеме және театр-декорация өнері секторының жетекшісі

Мырзабекова Сандуғаш Көпболсынқызы – графика және мүсін секторының жетекшісі

Жадайбаев Әмір Жалынұлы – графика және мүсін секторының жетекші ғылыми қызметкері

Әбілдаева Лаура Орақбайқызы – графика және мүсін секторының ғылыми қызметкері

Жұбанова Гүлнұр Алпысбайқызы – кескіндеме және театр-декорация секторының ғылыми қызметкері

Омарова Еркежан Алтынбекқызы – кескіндеме және театр-декорация секторының кіші ғылыми қызметкері.

Жеке ғылыми тақырыптары

Мұқажанова К.Ж.	«XX ғасырдағы Қазақстан бейнелеу өнеріндегі тұрмыстық картинаның дамуы. Тақырыпша: «Бейнелеу өнеріндегі Абай образы»
Мамытова С.М.	«Қазақстан графика өнерінің 1960-жылдардан қазіргі кезеңге дейінгі даму мәселелері мен тенденциялары». Тақырыпша: Кітап графикасындағы, мысал ретінде М. Әуезовтің «Абай жолы» романына Баки Урманче мен Евгений Сидоркиннің иллюстрацияларындағы Абай образы»
Мырзабекова С.К.	«XX ғасырдың 2-жартысындағы Қазақстан кескіндеме өнерінің дамуындағы көркемдік ерекшеліктер». Кескіндеме, графика, мүсін. Тақырыпша: «Қазақстан суретшілерінің шығармаларындағы Абай образы».
Жадайбаев Ә.Ж.	а) «Ұлы даланың соңғы серісі. Ә. Қастеевтің өмірі мен шығармашылығы» (монография басылымға дайындалуда) б) «Абай Қазақстан бейнелеу өнерінде» в) Қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасуы мен дамуы контекстіндегі Н. Хлудовтың шығармашылығы
Әбілдаева Л.О.	Қазақстанның театр-декорациялық өнері. Тақырыпша: Қазақстан театр суретшілерінің шығармашылығындағы Абай бейнесі
Жұбанова Г.	Қазақстан кино суретшілерінің шығармашылығы. XX ғ. Тақырыпша: «Кино

	өнеріндегі А.Құнанбаевтың бейнесі»
Омарова Е.А.	«Орыстың классикалық авангард суретшілері Қазақстанда. Мәдени өзара байланыстар». Тақырыпша: «Т. Глебова мен В. Каптеревтің шығармашылығындағы Қазақстан кезеңі»

Бөлімнің негізгі жұмысы – музей коллекциясындағы саны жағынан ең көп бөлім Қазақстан бейнелеу өнері қорының ғылыми каталогын дайындау. Бірінші жарты жылдықта Қазақстан кескіндемесінің үшінші томының жұмысын аяқтау жоспарланды.

Жоспар бойынша әрбір қызметкер 50 экспонатқа сипаттама жау керек (экспонаттардың инвентарлық сипаттамасы, жаңа карточкалар толтыру, қосымша мәліметтер енгізу).

Жұмыстың жаңартылған формасы – қағаз карточкаларды біртіндеп электрондық сандық нұсқаға ауыстыруға негізделген музей қызметінің автоматтандырылған инновациялық жүйесі іске қосылды. Жоспар бойынша бөлімнің кем дегенде 84 карточкасын электрондық форматқа ауыстыру көзделіп отыр.

Ғылыми жұмыс формаларының бірі – туындыларды атрибуциялап, көркемдік баға беру. Музейдің сараптамалық кеңесінің құрамындағы музей қызметкерлері: К. Мұқажанова, Ә. Жадайбаев, С. Мамытова, Е. Омарова.

Каталогпен жұмыс

№	Каталогтың атауы	Жұмыс түрі (аннотация, атрибуция, реатрибуция, ғылыми-анықтамалық аппарат, редакциялау және т.б.)	Жоспар көлемі
1	«Қазақстан бейнелеу өнері» каталогы. 3-том: 1. кескіндеме (У-Я) 2. театр-декорация өнері 3. кейінгі түскен туындылар	- экспонаттарды салыстырып-тексеру; - каталог қосымша мәліметтерді енгізу; - каталогқа инвентарлық нөмірлерді енгізу; - түсірілген бейнелерді компьютерде таңбалау; - кіріспе мақаланы, мәтінді, каталогтық мәліметтерді редакциялау; - тиянақтау	Бөлімнің барлық қызметкерлері Мұқажанова К. Мамытова С. Мырзабекова С. Жадайбаев Ә. Әбілдаева Л. Жұбанова Г. Омарова Г.

Бөлім қызметкерлері ғылыми жинақтарда жариялайтын тақырыптарын ұсынды:

- Мұқажанова К.Ж. а) Қазақстан бейнелеу өнеріндегі Абай образы, «Простор» журналы, 0,5 б.т.; б) Қазақстан өнертану ғылымы – Ленинград-Петербург өнертану мектебі дәстүрлерінің жалғасы. Мақала СПб ұжымдық монографиясында, 2 б.т.

- Мамытова С.М. Қазақстан графикасындағы Абай образы. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ «Еңбектері»

- Жадайбаев Ә.Ж. а) Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы Абай образы. Иконография эволюциясы (Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ «Еңбектері»); б) 2000-жылдардағы Ғ. Мадановтың шығармашылығы (альбом: кіріспе мақала); в) Through the Steppes and Time: Western and Indigenous Narratives of Central Asia in American Collections (АҚШ кітапханалары мен музейлеріндегі зерттеу жұмыстары, онлайн-жарияланым).

- Мырзабекова С.К. «Қазақстан суретшілерінің шығармаларындағы Абай шығармашылығы және образы» Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ «Еңбектері»

- Әбілдаева Л.О. Қазақстан театр-декорациялық бейнелеу өнеріндегі Абайдың бейнесі. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ «Еңбектері»

- Жұбанова Г. Қазақстан мүсін өнеріндегі Абай бейнесі. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ «Еңбектері».

- Омарова Е.А. Ұлы Отан соғысына қатысушы суретшілер Ә. Қастеев атындағы. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ «Еңбектері»

Бұлардан басқа, соның ішінде «Қастеев оқулары-2020» күзгі конференциясының қорытындысы бойынша шығатын жинаққа кіретін жарияланымдардың тақырыптары:

- Мұқажанова К.Ж. Абай Қазақстан кескіндемесінде

- Мамытова С.М. Кітап графикасындағы, мысал ретінде М. Әуезовтің «Абай жолы» романына Баки Урманче мен Евгений Сидоркиннің иллюстрацияларындағы Абай образы»

- Жадайбаев Ә.Ж. Қазақ бейнелеу өнерінің қадыптасуы мен дамуы контексіндегі Н. Хлудовтың шығармашылығы

- Мырзабекова С.К. Абай шығармашылығының кескіндемедегі көрінісі

- Әбілдаева Л.О. Абай Қазақстан театр суретшілерінің шығармашылығында

- Жұбанова Г. Е. Сергебаевтың шығармашылығы. Монументтік мүсін арқылы берілген тарихи образдар

- Омарова Е.А. «Орыстың классикалық авангард суретшілері Қазақстанда. Мәдени өзара байланыстар». Тақырыпша: «Т. Глебова мен В. Каптеревтің шығармашылығындағы Қазақстан кезеңі».

Бөлім қызметкерлері 2020 жылы тамыз айында өтетін Абайдың 175 жылдық мерейтойына арналған дөңгелек үстелген қатысуға әзірленуде.

Бөлім қызметкерлері жыл бойы бірнеше ғылыми жарияланымдар дайындауда, әрі экскурсия жүргізудің, дәріс оқудың (қазақ, орыс және

ағылшын тілдерінде) ортасында жүреді. Бөлімнің ғылыми қызметкерлері өздерінің тақырыптық бөлімдері бойынша әдістемелік құралдарды дайындау үстінде. Ғылыми қызметкерлер 2020 жылғы музейде ұйымдастырылатын ғылыми семинарларға белсене қатысады.

Музей қызметкерлері дәріс оқып, экскурсия жүргізеді – әр ғылыми қызметкер кем дегенде 5 экскурсия жүргізіп, 2 дәріс оқуы тиіс. Мамандар экскурсия мен дәріске арнап жаңа тақырыптар дайындайды.

Уақытша көрмелер ұйымдастырып, өткізуге жетекшілік жасайды, оның барлық дайындық және экспозиция жасау кезеңдерінде басы-қасында болады. Үстіміздегі жылы осы бөлімге 10 уақытша көрмеге жетекшілік жоба және Қазақстан бейнелеу өнері бөлімінің (2000-жылдар) тұжырымдамасын жаңартып, тұрақты экспозициясын толықтыру жоспарланды.

ҚАЗАҚСТАН СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ БӨЛІМІ

Бөлімнің ортақ тақырыбы – қазақтың дәстүрлі көркем сәндік-қолданбалы өнеріндегі маңызды принциптер (Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің қоры негізінде) қазақтың қолданбалы өнер туындыларының көркемдік-стильдік ерекшелігін, түрлі материалдарды өңдеудің өзіндік техникаларын, түрлік және өңірлік ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған.

Жеке ғылыми тақырыптар

Жұмабекова Г.М. Бөлім меңгерішісі	Қазақ зергерлік өнерінің бастау көздері мен қалыптасуы. Қазақтардың зергерлік өнерінің стильдік бағыттары
Ажарова Н.Б. Аға ғылыми қызметкер	Қазақ «ақ кестесінің» өрнектік композицияларының көркемдік ерекшеліктері. Өрнек семантикасы және түстік символика (Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорының коллекциясы негізінде)
Баженова Н.А. Аға ғылыми қызметкер	XIX-XX ғасырлардағы қазақ көркем тоқымасы. Өрнектік тоқыманың форма құру принциптері
Жұбаниязова Г.Қ. Аға ғылыми қызметкер	XX-XXI ғасырлардағы қазақ гобеленінің қалыптасуы мен дамуы

Бөлімнің басты жұмысы музей қорындағы ғылыми каталогты дайындаумен шұғылданды. Қазақстан зергерлік өнері және Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері каталогтары әлдеқашан жарық көрген. Қазір кейінгі түскен экспонаттарға ғылыми өңдеу жүргізілуде.

Бөлім қызметкерлері бұлардан өзге де қағаз карточкаларды біртіндеп электрондық сандық нұсқаға ауыстыруға негізделген автоматтандырылған ақпараттық жүйені игеруде. Жоспар бойынша тақырыптық бөлімнің ғылыми сипаттамасының 100 карточкасын электрондық форматқа ауыстыру жоспарға қойылды.

Бөлім қызметкерлері мынадай ғылыми жарияланымдар даярлауда:

1. Жұмабекова Г. Қазақ ою-өрнегінің даму тарихы. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ «Еңбектері»

2. Жұмабекова Г.М. Ұлы даланың қасиетті жәдігері

3. Жұбаниязова Г.Қ. Қазақстанның сюжеттік гобелендеріндегі философиялық тұжырымдама

4. Баженова Н. Қазақ тоқыма бұйымдары – жиһаз элементтері: функционалдық және эстетикалық мәні

5. Жұбаниязова Г.Қ. «Таң-Шолпан» Халықаралық Тәуелсіз суретші-әйелдер қорының көрмесі жайлы

6. Ажарова Н.Б. Қазақ «ақ кестесі». Оның қолданылу саласы, алуан түрі, өрнектің семантикалық мәні

«Қастеев оқулары-2020» ғылыми-практикалық конференциясының хабарлама тақырыптары бекітілді:

– Жұмабекова Г. Ұлы даланың қасиетті жәдігері

- Баженова Н. Әзірбайжан мен Қазақстанның халықтық тоқымасының дәстүрлеріндегі мәдени параллельдер

- Ажарова Н. Қазақстан зергерлік өнерінің шеберлері. И.К. Брякиннің шығармашылығы

- Жұбаниязова Г. Теріні қазақша дәстүрлі өңдеудің ерекшеліктері

Қызметкерлер экскурсия жүргізіп, дәріс оқиды. 2020 жылғы экскурсиялардың жаңа тақырыптарына дайындалып, тапсыру жоспарланды. Әр қызметкер жыл бойы кем дегенде 10 экскурсия жүргізуге тиіс.

Қызметкерлер музейдегі уақытша көрмелерге жетекшілік етеді, 2020 жылы Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері бөлімінің жоспарында 6 көрме жобасы жоспарланған, оның ішінде біреуі Әзірбайжанның Ұлттық кілем музейінің кілем көрмесіне арналған.

Бөлім қызметкерлері көркемсуреттік мамандық түлектерінің дипломдық жобаларына рецензия жазады, практиканттармен әдістемелік сабақтар жүргізеді, шеберлік сабақтары мен консультациялар жүргізеді.

Наталья Баженова көздері нашар көретін, тірек-қимыл аппараты мен есту аппараты шектеулі, ментальдық ауытқулары бар түрлі ерекшеліктерге ұшыраған мүгедек-келушілер тобымен жұмыс істейді. Музейде «Барлығы үшін қол жетімді музей» бағдарламасы аясында мүгедек жандармен әлеуметтік жұмыстар жүргізіледі.

ШЕТ ЕЛ ӨНЕРІ БӨЛІМІ

Музей коллекциясында XVI ғасырдан бүгінгі күнге дейінгі шет ел өнерінің туындылары бар. Жинақтама Ресей, Батыс Еуропа, Шығыс, Америка және Африканың түрлі елдерінің өнерін көрсете алады. Жинақтаманың бұл бөлімі музей құрылған сәттен бастап жиналды, қордан Орталық Азиядағы үздік арт-коллекциялардың бірінен саналатын бірегей экспонаттар кездеседі. Жинақтаманың ерекшелігі энциклопедиялық сипатта болғандықтан, музейдің әлемдік өнердің түрлі бағыттары мен стильдерін көрсетуге мүмкіндігі бар.

Бөлімнің кадр құрамында еңбек ететіндер:

Сырлыбаева Г.Н. – бөлім меңгерушісі

Копелиович М.М. – сектор меңгерушісі

Сальникова М. – ғылыми қызметкер

Вологодская В. – кіші ғылыми қызметкер

Айдарбек Айгерім – кіші ғылыми қызметкер

Жеке ғылыми тақырыптары:

Сырлыбаева Г.Н. Бөлім меңгерушісі	1. Орыс суретшілері Қазақстанда 2. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорындағы орыс өнері
Копелиович М.М. Сектор меңгерушісі	Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан Шығыс және Батыс Еуропа өнері туындыларының атрибуциясы
Сальникова М.	XX ғасырдағы алып-сатар реализм. Заманауи дискурс
Вологодская В.А. Кіші ғылыми қызметкер	Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорындағы Шығыс өнері

Музейдің ғылыми жұмысы экспонаттарды ғылыми зерттеп, оларды өңдеуден тұрады, бөлім қызметкерлері 2020 жылы ғылыми зерттеулер жүргізуге ұйғарым жасады. Әрбір қызметкер кем дегенде 20 экспонатқа сипаттама жазуы тиіс.

Бөлім қызметкерлері бұлардан өзге де қағаз карточкаларды біртіндеп электрондық сандық нұсқаға ауыстыруға негізделген автоматтандырылған ақпараттық жүйені игеруде. Жоспар бойынша тақырыптық бөлімнің ғылыми сипаттамасының 55 карточкасын электрондық форматқа ауыстыру жоспарға қойылды.

Көркемсурет туындыларының ғылыми атрибуциясы оның уақытын, кезеңін және атауын белгілеуге байланысты бөлім қызметкерлері жұмысының маңызды түрлерінің бірінен саналады. Бөлім қызметкерлері бұлардан басқа музейдің сараптама кеңесінің құрамында, өтінімдердің түсуіне байланысты жыл бойы сараптама қорытындыларын жасауға ат салысады.

Әрбір қызметкер ғылыми каталогтың тақырыптық бөлімдерімен жұмысын жалғастыруда:

- XVII-XVIII ғасырлардағы орыс өнері каталогы – Сырлыбаева Г.Н.
- Шығыс елдері өнері: II том. Жапония – Копелиович М.М.
- Батыс Еуропа өнері. Кескіндеме, графика, мүсін – Копелиович М.М.
- Заманауи шет ел өнері: Кескіндеме, мүсін, қолданбалы өнер – Сальникова М.
- Заманауи шет ел баспа графикасы – Вологодская В.А.
- Эклибрис өнері – Айдарбек А.

Каталогтармен жұмыс мәліметтерді атрибуциялау нәтижесінде алынған дәл анықтамаларды енгізу, авторлар жөніндегі жаңа мәліметтерді енгізу, көрсетілген басылымдардың әрқайсысына жетіспейтін экспонаттар жөнінде мәліметтерді толықтыру, салыстыру және аудару, бәрін бір ретке (үлгіге) түсіру.

Конференцияларда сөйлеуге және ғылыми мақалаларды жариялауға дайындалуда. Қызметкерлер жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2020» ғылыми-практикалық конференциясында жасайтын баяндамаларының тақырыбын таңдап алды.

- Сырлыбаева Г.Н. Орыс министрі Виттенің әжесінің портреті. Толғаныстар. Нұсқалар. Айғақтар іздестіру
- Вологодская В.А. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорындағы нэцкэ коллекциясы
- Айдарбек А. «Шығармашылық – алапат күш». А.К. Саврасовтың 190 жылдығына (Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорындағы жұмыстар бойынша).

Музей конференциясынан басқа өзге де ұйымдардың ғылыми шараларына қатысу талап етіледі. Мысалы, Г.Н. Сырлыбаева Президенттің Мемлекеттік мұрағатының ғылыми конференциясына арнайы «Харьков суретшілері эвакуация жылдарында. Алматы. 1942-1945» хабарламасын даярлау үстінде. Хабарлама жарық көреді.

Қызметкерлер дәріс оқып, экскурсия жүргізеді. Жаңа экскурсия және дәріс тақырыптарына дайындық және оны тапсыру жоспарға қойылды. М. Сальникова «XX ғасырдың 1910–1930-жылдарындағы Ресейдің авангардтық ағымдары»; А. Айдарбек «Орта ғасыр дәуірі» дәрісін әзірлеу үстінде.

Қордан уақытша көрмелер мен уақытша көрмелерді ұйымдастыруға жұмыс жүргізіледі. Бөлім қызметкерлері уақытша көрмелер мен музейдің тұрақты экспозициясына жетекшілік етеді. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан бірқатар тақырыптық көрмелер өткізу жоспарда бар, олар: Беларусь, Молдова, Украина өнері; РФ өнері; музейдің мерейтойына орай Батыс Еуропа және орыс өнері залдарын ішінара қайта экспозициялау (жетекші Г.Н. Сырлыбаева). М.М. Копелиович – қордан Қытай кескіндемесі; қордан Шығыс өнері және А. Бодровтың көрмесі (СПб). В.

Вологодская – заманауи жапон шеберлерінің графикалық жұмыстары коллекциясының көрмесіне және Лейла Махаттың мерейтойлық көрмесіне жетекшілік атқарады. М. Сальникова – XX ғасырдағы шет ел өнері көрмесі; ҰОС-дағы Жеңістің мерейтойына көрме; Ю. Акопянның акварель көрмесі. А. Айдарбек Г. Титовтың көрмесін және А. Иванованың акварель көрмесін жүргізеді. Жалпы алғанда, бөлімнің 2020 жылғы жоспарында 7 уақытша көрме өткізу көзделген.

Ғылыми бөлім қызметкерлері экскурсия жүргізіп, дәріс оқиды, экспозицияның тақырыптық тараулары бойынша әдістемелік талдаулар әзірлеуде.

Музей қызметі аясындағы ғылыми сараптама

Туындылардың түпнұсқа екендігі мен олардың авторлығын анықтау мақсатымен өнер туындыларын зертеудің жоспарлы процесі ғылыми кеңестің мақсаты болып табылады. Оның құрамына музейдің жетекші ғылыми мамандары кіреді. Кеңестің жұмысының тұжырымдамасы оның құқық аясына негізделуімен, түрлі зерттеу әдістемелерін және құжат толтыру процедурасын меңгерумен байланысты. Музейдің сараптама кеңесінің құрамы: С. Кобжанова – төрайымы, Г. Молдашева – ҒС кеңесінің хатшысы, мүшелері – Ә. Жадайбаев, Е. Резникова, К. Мұқажанова, С. Мамытова, М. Копелиович, Е. Омарова, Г. Жұмабекова, Н. Баженова, В. Вологодская, Н. Ажарова, Г. Сырлыбаева, М. Сальникова, Т. Бөкеш.

Көркемдік туындыларды ғылыми сараптау стильдік, салыстырмалы-салғастырмалы талдауға, сондай-ақ, өнер бұйымдарын технологиялық зерттеу құрып, музей қорын сақтау бөлімімен бірлесіп жүргізіледі.

Сараптама комиссиясының жұмысы музейдің тәжірибелі музей қызметкерлерінің зерттеген туындыларын алқалық талқылауға негізделген.

Көркемдік-ғылыми сараптаманы толықтай жүргізу стратегиясы мыналарға сүйенеді:

- жеке коллекциялардың мәліметтер базасын құруға (мәліметтер базасының концепциясы мен құрылымы жетілдірілуге, фотосуретке түсірілуге, микроскоптың көмегімен зерттеу және микроскоптан көрінген көріністі мәліметтер базасына түсіру);
- ҚР МӨМ қорындағы туындылар бойынша суретшілер Н. Хлудов, Ә. Қастеев, С. Калмыков, Ж. Шәрденов және т.б. мәліметтер базасын құруға;
- Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан сандық форматтағы түпнұсқа жазба мәліметтер базасын толықтыруға.

Сараптама кеңесі қызметінің аясында өнер бұйымдары атрибуцияланып, көркемдік баға беріледі. Жұмыс процесі кезінде сараптама кеңесі жиналысының хаттамасы, туындыларды қабылдау-беру актілері мен басқа да ілеспе құжаттар жасалады, музейдің қор бөлімінде жұмыстық талқылаулар ұйымдастырылады.

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде ұйым қызметінің негізгі бағыттарын реттейтін бес Кеңес құрылған, олар: Көркемдік-әдістемелік кеңес, Ғылыми кеңес, Сараптамалық кеңес, Реставрациялық кеңес, Қор-сатып алу кеңесі (ҚСАК – қор сатып алу комиссиясы).

Музейдің ғылыми-әдістемелік жұмысына Көркемдік-әдістемелік кеңес басшылық етеді. Ол – музей қызметінің негізгі түрлерін жоспарлап, ұйымдастыруды үйлестіретін алқалық, консультативтік, кеңесші орган. Көркемдік-әдістемелік кеңес қызметінің аясында бірқатар маңызды мәселелер шешіледі, оның ішінде музейдің құрылымдық бөлімшелерінің жоспарлау-есеп беру қызметінің жүзеге асуын бақылап, музейдің дәрістік-экскурсиялық жұмысының стратегиясын жасайды, ғылыми қызметкерлердің, қор сақтаушылардың, экскурсия жүргізушілердің, дәріскерлердің ғылыми принциптерді, нақтылықты, көрнекілікті, көркемдікті сақтауын және берілетін музей ақпараттарының жоғары сапалы болуын қадағалайды.

2020 жыл ағымында Көркемдік-әдістемелік кеңес жиналыстарын жүйелі түрде өткізу мынадай мақсаттар бойынша жоспарланды:

- Мемлекеттік музейдің ғылыми жұмыстарының перспективалық жобалары мен бір жылдық жоспарларының жүзеге асуын бақылау;
- экскурсияны жүйелі тыңдау, ғылыми-ағарту жұмыстарының тәжірибесін талқылау және қорытындылау;
- мемлекеттік өнер музейінің тұжырымдамаларының, құрылымдарының, тақырыптық-экспозициялық жоспарлары мен тұрақты экспозицияларының және оның көрмелерінің жобаларын дайындау;
- экскурсия жүргізуші мен ғылыми қызметкерге ғылыми-ағарту жұмысын жүргізуге (экскурсия жүргізуге, дәріс оқуға) рұқсат беру мүмкіндігін талқылау;
- ғылыми қызметкердің атқаратын қызметіне лайықтылығы туралы баға беру және аттестацияға ұсыну, ғылыми қызметкердің сынақ мерзімінен өткені туралы кепілдемелер, қызметкердің біліктілігін арттыру туралы ұсыныстар мен кепілдемелер беру;
- музейдің мәдени іс-шараларының жетекшісін белгілеп, жобасының алғашқы концепциясын әзірлеп, жоспарын бекіту;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының, сондай-ақ инновацияларды енгізудің нәтижелілігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- ғылыми құжаттама жобаларын: зерттеу жобалары мен бағдарламаларды (қорларды, экспедицияларды, іссапарларды, шет елдік тағлымдамаларды, гранттарды іріктеп жинақтау), экспозиция және көрме концепцияларын, тақырыптық-экспозициялық жоспарларды, экскурсия жүргізушіге көмек

ретінде мәтіндерді, дәріс мәтіндерін, мақалаларды, ғылыми баяндамаларды, есептерді, әдістемелік зерттеулерді, жаңа экскурсиялар мен лекциялардың мәтіндерін, мәдени-көпшілік шараларды, білім беру бағдарламаларын, үйірмелер мен студия жұмысының жоспарларын қарастыру.

Музейдің баспасөз қызметі

Көрермендермен өзара тығыз байланыс жасау, музей оқиғаларын БАҚ-та және әлеуметтік желілерде уақытылы жарыққа шығару музей қызметінің маңызды қыры болып саналады. Бөлімнің басты міндеттерінің бірі – музей қызметінің барша түрін, оның коллекциясын, бүкіл әлемдік өнерді, музейде өтіп жатқан барлық оқиғалар жайлы ақпараттық хабарлар арқылы дәріптеп, кеңінен таныту. Бөлімнің қызметі музейдің мәдени-білім беру функциясын көрермендерге дәріс оқу, экскурсия жүргізу, музей мерекелері, шығармашылық кездесулер, тақырыптық кештер, семинарлар және т.б. сияқты жұмыстың түрлі формалары арқылы жүзеге асыруға бағытталған. Мәдени-білім беру қызметі аудиториямен бір реттік қана байланыс орнатып қоймамыр, ұзақ уақыттық әрі оларды музейге жүйелі түрде келтіруге бағытталуы тиіс. Бөлімнің міндеті – мақсатты аудиторияның түрлі сегменттерімен жұмыс істеу. Бөлім бұл бағытта келушілердің тұрақты контингентін қалыптастырып, олардың санын арттыру бойынша әдістемелік және мақсатты жұмыс жүргізеді.

Бөлім қызметінің бағыттарына кіретіндер:

- БАҚ-пен жұмыс, музейдегі оқиғаларды жариялау, Қазақстан өнері мен музей коллекциясын насихаттау;
- музей оқиғаларын талдап, жүзеге асыруға ықпал жасау;
- музейдің мақсатты мәдени-әлеуметтік жобалары мен бағдарламаларын тиімді түрде жүзеге асыруға бағытталған шығармашылық-өндірістік қызметін жарнамалық-маркетингтік және ақпараттық қолдауын жүзеге асыру;
- заманауи экономикалық және мәдени-әлеуметтік жағдайларда музейді жетілдіру міндеттерін орындауға жаңа маркетингтік тәсілдерді зерттеу;
- БАҚ-пен және интернет-ресурстармен белсенді өзара әрекет ету;
- бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін жергілікті және шет елдік мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен, дипломатиялық миссиялармен, шет елдік корпорациялармен байланыс орнату, алдыңғы қатарлы шет елдік тәжірибелермен танысып, соларды қолдану;
- музей сайтын және оның әлеуметтік желілерін - Facebook; Twitter; YouTube; Instagram; ВКонтакте; ОК жүргізу;

2020 жылға музейде жоспарланған шаралар бойынша бөлім мынадай қызметтерді жүзеге асыруды көздейді:

- 5 баспасөз конференциясын, 7 және одан да көп баспасөз турын ұйымдастыру;

- баяндамалар дайындау, республикалық және халықаралық конференцияларда сөз сөйлеу және мақала жариялау - 4;

- біліктілікті арттыруға байланысты семинарлар мен тренингтерге қатысу;

- музей шараларын ұйымдастырып, оларды жариялауға ықпал ету (Наурыз, Музей түні, «Каникулды бірге өткіземіз» және т.б.);

- 2 көрмеге, оның ішінде шет елдік көрмелерге жетекшілік ету;

- көрмелер және музейдегі басқа шаралар жайлы сұхбат беру;

- телевидениеде және басқа БАҚ-тарда музей мамандары үшін сұхбат ұйымдастыру;

- музей қызметі жайлы газет-журналдар мен электрондық порталдарда мақалалар жариялау;

- экскурсиялар жүргізу;

- жаңа экскурсиялар әзірлеу.

Дөңгелек үстелдер, семинарлар, шығармашылық кездесулер

2020 жылы бірқатар маңызды көрмелер мен жобалар, оның ішінде дөңгелек үстелдер мен ғылыми семинарлар қоса болатын халықаралық жобалар мен көрмелер болады. Пікірталас орын алатын алаңның форматы мамандардың, суретшілердің, оқушылар мен БАҚ өкілдерінің басын қосады.

Дөңгелек үстелдерді музей жобасы болып белгіленген мемлекеттік ауқымдағы барлық оқиғалар аясында өткізу жоспарланған. Маңызды көрмелерді талқылау жоспарланған:

- чех көркем шыны өнері бойынша Иржи Пачинектің көрмесі – ақпан 2020;
- Әл-Фарабидің мерейтойына арналған дөңгелек үстел, маусым 2020,
- Абайдың мерейтойына арналған дөңгелек үстел – тамыз 2020,
- таңдаулы көрмелерді талқылау – мерейтойлық, халықаралық және басқалары.

Дәріс және экскурсия жұмысы бөлімі

Бөлімнің басты міндеттерінің бірі – музей қызметінің барлық түрін, оның коллекциясын, сондай-ақ бүкіл әлемдік мәдениет мұрасын дәріптеу.

Бөлім жұмысының негізгі түрлері: экскурсиялар мен дәрістерді ұйымдастырып өткізу, дипломатиялық өкілдіктермен, қоғамдық ұйымдармен, қорлармен және барлық деңгейдегі оқу орындарымен байланыс орнатып, БАҚ-пен ақпараттық қызмет атқару, сондай-ақ түрлі жобаларды ұйымдастыру. Серіктес компаниялармен бірлесіп, түрлі

шығармашылық жобалар, соның ішінде практикалық шеберлік сабақтарын жүргізу, сән үлгілерін көрсету, балаларға арналған білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру.

Бөлімнің мәдени-білім беру қызметі келушілердің әлеуетті контингентін кеңейтуге бағытталған, алға қойылған міндеттерді орындау музей қызметкерлерінің, қаладағы оқу орындарының ұстаздарының өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде, олардың көркемдік білімін молайтуда және әлемді эстетикалық қабылдауда күштерін біріктіре түседі.

Шын мәнінде, нақ осы бөлім – музей мен көрермендер аудиториясын жалғаушы буын. Қызметкерлері музей өміріне, музей жобаларын ұйымдастырып, жүзеге асыру ісіне белсене араласады. Бірінші орында тұрған жұмыс түрлері мынадай:

- экскурсия мен дәріс ұйымдастырып, өткізу;
- мемлекеттік маңызы зор даталарға орайластырылған көрмелерді өткізуге араласу;
- аудиогидке және ақпараттық дүңгіршекке байланысты жұмыстарға ат салысу;
 - «Әсем әлем» Өнер академиясының әлемдік өнер тарихынан дәрістер циклын ұйымдастыруға араласу;
- Халықаралық музей күніне орайластырылған музей жобаларын, музейдегі Наурыз бағдарламасын ұйымдастыру шараның тақырыбын сақтай отырып, экспозициялық кеңістіктегі экскурсиялық бағдарлама, шеберлік сабақтарын, концерттік бағдарламалар мен интерактивті демалыс ұйымдастыру;
- Оқушылардың демалысы кезінде мектеп жасындағы балаларға арнап «Ғажайып шам» музейлік жобасын өткізу (тақырыптық экскурсиялар мен шеберлік сабақтары);
- 1 маусым – халықаралық балаларды қоғау күніне арналған бағдарламаны дайындау;
- әр түрлі жастағы адамдарға арналған музей квесті сияқты ерекше бағдарламаларды жетілдіру (келушілер тарапынан сұранысқа ие жұмыс түрі).

2020 жылғы жобалау қызметі келесідей музейлік оқиғаларды әзірлеу мен жүзеге асыруды бағамдайды:

- Жыл сайынғы «Періштелер уақыты» қайырымдылық аукцион-көрмесі, қаңтар;
- жыл сайынғы «Музейдегі Наурыз»;
- халықаралық музей күніне орай «Музей түні»;
- «Әрқашан бірге» халықаралық қуыршақтар көрмесі

2020 жылы бөлім қызметкерлері 250 экскурсия жүргізуді жоспарға қойды. Бөлім қызметкерлерінің жоспарында 6 көрмеге жетекшілік ету жұмысы тұр.

2020 жылы бөлім қызметкерлері жыл сайынғы «Қастеев оқулары» ғылыми-практикалық конференциясына қатысуға ниетті. Бөлім жетекшісі Нұғыманова Ш. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан музыкалық аспаптар туралы баяндама дайындауда.

Бөлім қызметкерлері музей экспозициясы бойынша жаңа тақырыптық бөлімдерді (қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі экскурсиялар) тапсыруды жоспарлауда, сондай-ақ жаңа дәріс тақырыптарын, соның ішінде «Әсем Әлем жастар» үшін де дайындалу үстінде:

- Нүсіп А. Ат әбзелдері
- Нұғыманова Ш. Музыкалық өнер
- Каирбекова Г. Заманауи көше өнері
- Камидоллаева Д. Зергерлік өнер
- Танская О. Кемеңгерлер дәуірі. Қайта өрлеу өнері
- Крылова К. Алғашқы өнер

МУЗЕЙДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ

Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ ерекше мұқтаж суретшілерге бағытталған әлеуметтік маңызды жобаларға ұдайы бастама көтеріп отырады, мұндай шаралар музейді осы топтағы көрермендерге қолжетімді етеді. Музейдің әлеуметтік жобаларының мақсаты – жәрдем қажет ететін адамдарға нақты көмек беру.

Бірқатар жылдар бойы Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ әр түрлі үлгідегі (қимыл-тірек аппаратының бұзылуы, көру мен есту бойынша мүгедектер, менталды бұзылулары бар жандар) мүгедек келушілермен әр түрлі жұмыстарға бағытталған жобаларды өткізіп келеді. «Барлығына қол жетімді музей» жобасы аясында музей экспозицияға Браиль қарпіндегі қолданбалы және бейнелеу өнерінің тактильді жәдігерлерін енгізді. 2020 жылы музей аталмыш бөлімді бірнеше жаңа жәдігерлермен – қазақ ұлттық оюлы мәнеріндегі тактильді кілемдермен толықтыруға ниетті.

2020 жылы қоғамдық маңызы бар әлеуметтік жобалар жоспарланды. Ресей Федерациясының елшілігімен бірлесіп өткізілетін халықаралық қуыршақтар көрмесі дәстүрлі түрде күтетін жобаға айналды. Ресейлік және қазақстандық шеберлердің авторлық туындылары көрмеге қойылып, аукционға қатысады. Бұл «Періштелер уақыты» атты авторлық интерьерлік қуыршақтардың аукционалды қайырымдылық көрмесі. Аукционнан түскент барлық қаражат муковисцидозбен ауыратын балаларға көмекке жіберіледі. Көрме дәстүрлі түрде қаңтар айында өтеді.

КӨРМЕ-ЭКСПОЗИЦИЯ ЖҰМЫСЫ

Көрме – музей коллекциясын қайта таныстыру құралы. Экспозиция кеңістігінен жинақтамадағы інжу-маржандар ғана емес, еліміздің

көркемдік алтын қазынасына кірген ең үздік туындылар орын алады. Экспозиция – қордың бір бөлігі ғана, бірақ оның ең үздік үлгілері. Тақырыптық тараулардың ішінде хронологиялық тәртіп бойынша орналастырылған жәдігерлер көрермендерді әлемдік және аймақтық өнердің негізгі тарихи даму сатыларымен таныстырады.

Музей экспозициясы негізгі екі тарауға бөлінген: олар – тұрақты көрмелер және уақытша көрмелер. Залдар мен галереялардағы барлық жұмыстар экспозициялар мен уақытша көрмелердің безендірілуі бойынша орындалады, сондай-ақ орындалу мерзімі де музейдің жалпы экспозиция-көрме жоспарына сай келеді.

Тұрақты экспозиция 13 тақырыптық бөлімді қамтиды, олардың ішінде: Қазақстан СҚӨ, Ә. Қастеевтің мемориалдық залы. 1930-1990-жылдардағы Қазақстан өнері (кескіндеме, мүсін) 3 залда орналасқан, Тәуелсіз Қазақстан өнері (2 галерея), XX ғасыр және заманауи өнер (заманауи шетел өнері), орыс өнері, Батыс Еуропа өнері, Шығыс өнері. Жаңа бөлім көрермендерге XX ғасырдағы шетел өнерін жаңартылған нұсқада ұсынады.

Музейде және Орталық көрме залында (ОКЗ) өтетін 2020 жылғы уақытша көрмелердің шамаланған жобасы құрылды. Орталық көрме залы музей қызметі аясындағы түрлі көрмелер мен жобаларды белсенді өткізіп келе жатқан Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ құрылымдық бөлімшесі.

2019 жылы Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ мен ОКЗ-да болатын көрмелер жоспарының алдын-ала жобасы

2020 жылы кем дегенде 40 уақытша көрме өткізу жоспарланды.

№	Көрменің атауы	Күні
1.	Клим Лидің «Айналар парадоксы» халықаралық графика көрмесі (Санкт-Петербург)	9.01-08.02
2.	Үкі Әжиевтің акварель көрмесі	Желтоқсан 2019- 16.02.2020
3.	“Pygmalion” галереясының раритеттері» көрмесі	21.11.2019- 26.01.2020
4.	А. Хақимовтың көрмесі	17.01-02.02
5.	Еркін Мергеновтің 80-жылдығына арналған «Ретроспектива» мерейтойлық көрмесі	14.02-15.03
6.	Ирина Яреманың «Алғыс айтамын» көрмесі	18.02-25.02
7.	«Таң-Шолпан» халықаралық әйел-суретшілердің көрмесі	20.02-22.03
8.	Чех көркем шыны өнері бойынша Иржи Пачинектің «Шыны бағы» көрмесі	05.02-01.03
9.	И. Стадничуктың көрмесі	03.03-02.04
10.	Жеке қорлардан Сәкен Ғұмаровтың көрмесі	5.03-05.04

11.	Музей қорынан ҰОС жеңісінің 75-жылдығына арналған көрме	22.04-24.05
12.	Герман Титовтың халықаралық көрмесі (Мәскеу)	30.04-24.05
13.	Андрей Бодровтың халықаралық көрмесі (Санкт-Петербург)	10.04-10.05
14.	Заманауи жапон графикасының халықаралық көрмесі (Норман Толманның қорынан)	Сәуір
15.	Кореяның заманауи суретшілерінің халықаралық көрмесі	ОКЗ Сәуір
16.	Исмаилов Умиралы. Астана	ОКЗ 06.03-05.04
17.	В. Люй-Конның көрмесі	28.05-28.06
18.	Александр Садвакасовтың көрмесі	28.05-28.06
19.	ЮрийАкопянцтың халықаралық акварель көрмесі	15.05-14.06
20.	Музей қорынан Қытай кескіндемесі	мамыр
21.	Реставраторлар жұмыстарының нәтижесі бойынша «Қайта жанданған жауһарлар» көрмесі	мамыр
22.	Балалар шығармашылығының көрмесі, 46 мектеп-гимназия	ОКЗ 08.05-07.06
23.	Жеңіс күніне арналған И. Ролдугиннің көрмесі	ОКЗ 6.05-24.05
24.	Италия өнері. Италия Елшілігімен бірлескен халықаралық жоба	маусым
25.	Бахтияр Табиевтің кескіндеме көрмесі	ОКЗ Маусым
26.	Р. Хальфиннің көрмесі	07.07-29.07
27.	Хлудовтың 170-жылдық мерейтойына арналған көрме	03.07-02.08
28.	Музей қорынан Әбу Наср әл-Фарабидің 115-жылдығына арналған көрме	19.06-02.08
29.	Музей қорынан Абайдың мерейтойына арналған көрме	3.08.-31.08
30.	Анна Иванованың халықаралық акварель көрмесі, Қазан	14.08-13.09
31.	Грузия СО халықаралық көрмесі (50 суретші)	ОКЗ тамыз

32.	«Асыл тастар» шығармашылық тобы	24.08-06.09
33.	Крым Алтынбековтің «Ұлы дала мәдениеті» көрмесі. Уржарлық сәуегей әйел	11.09-11.10
34.	Музей қорынан Е. Сидоркиннің мерейтойлық көрмесі	10.09-11.10
35.	Сәменов Шакербектің 70-жылдығына орай мерейтойлық көрмесі, Қызылорда	18.09-18.10
36.	Мүсінші Сергебаевтің мерейтойына арналған көрмесі	Қыркүйек
37.	«Асыл тастар» Алматылық суретшілер тобының көрмесі	24.08-6.08
38.	Ерболат Төлепбай. Мерейтойлық көрме	09.10-08.11
39.	Фатима Таразидің көрмесі	15.10-15.11
40.	Г.Оспановтың жеке көрмесі	22.10-22.11
41.	Табылдиев (отбасылық көрме: графика, гобелен)	16.10-16.11
42.	Досмағамбетовтер. Прокопьева	12.11-13.12
43.	ҚР СО жыл сайынғы есептік көрмесі	20.11-20.12
44.	Геннадий Головковтың көрмесі, суретшінің 85-жылдығына арналған	26.11-20.12
45.	Б. Байменнің жеке көрмесі, Шымкент	22.12-21.01.21
46.	Лейла Махаттың жеке көрмесі	24.12- 24.01.21
47.	Гүлнар Асқарованың көрмесі	24.12-24.01.21

Экспозиция бөлімінің өндірістік-жоспарлау қызметі

1. Тұрақты экспозиция мен уақытша көрмелерге арналған экспозиция залдарының дизайнын жасау және монтаждау.
2. МӨМ қорындағы кескіндемелік туындыларға жаңа багет жасап, жоспарланған мерейтой көрмелеріне дайындау – қажеттілік бойынша
3. Этикетаждың жаңа дизайнын жасау, кезең-кезеңімен ескілерін ауыстыру.
4. Барлық экспозициялар мен көрмелерді құрау және түсіру, этикетаж әзірлеу, аннотациялар мен басқа да ақпараттық материалдарды

рәсімдеу, туындылардың сақталуын қор сақтаушылардан Ішкі қозғалыс актісі бойынша қабылдау.

5. Барлық уақытша көрмелерге экспонаттардың беру және қайтару актісін жүргізу.
6. Барлық уақытша көрмелердің жәдігерлер тізімінің мұрағатын жасау
7. Барлық көрмелер мен экспозициялардың аннотациялары мен афишаларының мұрағатын жасау.
8. Ішкі қозғалыс актісінің мұрағаты.
9. Залдардағы экспонаттардың ахуалдары мен өзгерістерін қор сақтаушылармен бірге қадағалау.
10. Жәдігерлердің бірегей іліну деңгейін демеу.
11. Кейіннен өз орнынан әкеп қоюға экспонаттарды экспозициядан беру (теле -, фото -, кинотүсірілімдер және т.б. үшін).
12. Музейдің қоғамдық өміріне араласу (залдарды семинарларға, концерттерге, түсірілімге және мерекелік шараларға дайындау).

Безендіруші-суретшілердің жұмысы

- Көшпелі көрмелер үшін қордан туындыларды тасымалдау үшін қаптайтын жабдық (жәшік) әзірлеу;
- көрме-экспозиция жұмысына белсене араласу;
- барлық жоспарланған көрмелерге балалардың суреттерін және графикалық жұмыстарды безендіру;
- залдардағы ағымдағы жөндеу жұмыстары, сондай-ақ қажет болғанда көрме жабдықтарын жөндеу;
- қалқандарды жаңа матамен қаптау – 70 дана.

Зал қараушылардың жұмысын қадағалау

- залдардағы экспонаттардың күнделікті есебі мен қозғалысын жүргізу;
- өндірістік жиналыстар, қысқа уақыттық кеңестер;
- зал қараушылардың кезекшілік кестесін жасау;
- залдардың және т.б. жиналуын қадағалау.

ЦИФРЛАНДЫРУ

Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ-ді цифрландыру екі негізгі бағытта жүргізіледі. Бірінші: көлемді экспонаттардың 3D көшірмелерінің цифрлық мұрағатын құру, бағыт аясында 2018 жылы фотограмметрия әдісімен 3D сканерлеудің әдістемесі мен технологиясы жасалған 3D зертханасы құрылған болатын. 2018 жылы осы технология бойынша жалпы саны 300-ден асатын мүсінді сақтап отырған Қазақстан мүсіні қорын қамтитын 3D цифрлық мұрағаты құрылған. 2019 жылы 3D сканерлеу процестерін оңтайландыру жолымен одан да екі есе көп экспонат, оның ішінде

зергерлік бұйымдар, теріден, ағаш пен сүйектен жасалған экспонаттар, тоқыма бұйымдары, киім заттары цифрландырылған.

Мұрағатты 2D цифрлық бейнелермен толықтыру жұмысы жалғасуда. Қазіргі дейін цифрланған экспонаттардың саны 16 100.

Екінші: 3D мұрағатын қауіпсіз сақтау, есепке алу және зерттеу. Музейдегі осы мақсаттарға жету үшін қорғалған сервер (интернетке қосылмаған) жинастырылған салқындату және өрт сөндіру жүйелері бар серверлік бөлме жабдықталған. Есепке алу-сақтау және ғылыми мақсаттар үшін ҚЕ АИЖ мәліметтерінің автоматтандырылған жүйесі жасалды. Жүйе толықтай отандық өнім әрі музей мамандарының талабы ескеріле отырып, арнайы ҚРМӨМ-нің мүддесі үшін жасалған. Жүйені түрлі бағыттағы музейлер үшін де ыңғайландырып жасауға болады.

Бүгінгі күнге жасалып қойылған музей экспозициясындағы 3D экспонаттарының цифрлық каталогын таныстыру мәселесі тұр. Осыған байланысты, экспозицияға заманауи мультимедиалық техникалық құрал-жабдықтар мен бағдарламалық жасақтама, соның ішінде: мультимедиялық дүңгіршектер, тұнықтығы жоғары техникалық видеопроекциялар, виртуалдық көрініс технологиясын енгізу зәру міндет болып тұр.

Цифрландыру аясында музей автоматтандырылған ақпараттық жүйені – ААЖ белсенді түрде енгізуде. Арнайы жасалған бағдарламалық жасақтама музейдегі барлық қағаз картотеканың ауқымын цифрлық үлгіге түсіруге мүмкіндік береді. Жұмыс бірнеше жылға есептелген, бірақ өте маңызды әрі қажет. 2020 жылы мәліметтер базасына кем дегенде сақтау бірлігі енгізілді.

Музейді жаңғырту

Музейді жаңғырту аясында 2020 жылы келесі қадамдар жоспарланды:

- жәдігерлерді цифрлау (ғылыми бөлімдер мен сақтау қоры бірлесе);
- банкті суретшілердің жазбаларымен одан әрі толықтыру (ғылыми сараптама бөлімі);
- мәліметтерді Қазақстан Республикасының музей нысандарының бірыңғай мемлекеттік реестріне енгізу;
- 3D мүсін галереясы қорын толықтыру – Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ мүсін қорын түгелімен он-лайн қолжетімді болатындай виртуалды галерея үлгісіне көшіру;
- мәліметтерді ААЖ енгізу – ғылыми бөлімдер мен қор сақтау бөлімі
- музей қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруға жағдай жасау – тағылымдамалардан өтуге, соның ішінде, шетелге жіберу (мүмкіндік болса), қызметкерлердің магистратура мен докторантурада білім алуына жәрдем беру – музей қызметкерлерінің арнайы жоғары оқу орындарына түсуіне грант бөлінуін сұрау.

Ақпараттық технология және баспа қызметі бөлімі

Бөлімнің қызметіне баспа жұмысының алуан түрі, музей жобаларын техникалық қолдау, музейдің кәдесый өнімдерін әзірлеп, жасау кіреді. 2020 жылға жоспарланған жұмыстар:

1. 1. Баспа қызметі:

- «Қастеев оқулары» конференциясы баяндамаларының жинағын беттеу және басып шығару;
- Вашингтондағы «Қазақстан қолданбалы өнері және креативті экономика» халықаралық конференциясы жинағын беттеу және басып шығару
- «Е. Сидоркин. Онтология творческого метода» монографиясымен жұмыс
- Грамоталарды, алғысхаттарды, құттықтаулар мен басқа да ағымдағы құжаттарды безендірудің дизайнерлік шешімін әзірлеу.
- Музейде өтіп жақтан шараларға афишалар мен буклеттер дайындау.

2. Техникалық жобалар:

- Музей шараларын техникалық сүйемелдеу. Жыл бойы
- Музейдегі компьютерлер мен оргтехникаға жөндеу жұмыстарын жүргізіп, жұмыс тәртібіне келтіру. Жыл бойы
- Компьютерлерді бағдарламалармен қамту – операциялық жүйе, антивирустарды жаңарту және орнату, бағдарлама орнату.
- Қадағалау және басқару жүйесін дайындау. Бұл орынсыз енуден сақтанудың жолы, жұмыс уақытын автоматты тіркеу еңбек тәртібінің бұзылуын қадағалау.
- LED-экрандағы ақпаратты жаңартып тұру – бейнероликтерді енгізу, жөндеу.

3. Кәде-сый өнімдері:

- Кәде-сый өнімдерінің аясын айтарлықтай кеңейту
- Музейдің кәде-сый өнімдерін дайындап шығару

4. Музейлік құжаттар, каталогтарды аудару, редакциялау,

Мем.тізілімге тапсыруға дайындау – орыс-қазақ тілдері.

2020 жылы Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ баспа қызметінің басты оқиғасы таныстырылымы тұрақты экспозиция залдарында өтетін «Қазақстан кескіндемесінің» III томын әзірлеп, басып шығару.

Бөлім музейдегі барлық инновацияларды техникалық қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді: аудиогидтер, LED-экрандағы ақпаратты жаңарту, ақпараттық дүңгіршекті толтыру, QR-кодпен жұмыс, 3D галереясы бойынша жұмысты жалғастыру.

Ә.Қастеев музей - үйі, Ә. Қастеев мұрасын зерттеу орталығы 2020-ші жылға арналған жұмыс жоспары

Ә. Қастеев атындағы музей-үйінің басты мақсаты Қазақстан кескіндемесі кәсіби мектебінің негізін салушылардың бірі – Әбілхан Қастеевтің көркем мұрасын зерттеу, сақтау және дәріптеу болып табылады.

Музейдің құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Музей-үйінің қызметі әр түрлі келушілер тобын тарту, әр түрлі, соның ішінде, ғылыми және білім беру жұмыс түрлерін өткізу – суретшінің және оның заманындағы шеберлердің шығармашылығы жайлы дөңгелек үстелдер, студенттерге арналған шеберлік сабақтары мен плэнерлер ұйымдастыру және қатысу, баяндамалармен ғылыми конференцияларға қатысу.

Алматы қаласының өзге де мемориалдық кешендері – музей-үйлерімен ынтымақтастықты күшейту.

Ә. Қастеевтің өмірі мен шығармашылығы туралы мақалалар дайындау және газет, журналдарда басып шығару.

Аталмыш нысанға белсенді келушілер үшін туристерді тарту мақсатында Алматының туристік ұйымдарымен жұмыс жасау.

Музей-үйді және оған іргелес жатқан аумақты күтіп ұстау, мүмкіншілікке қарай косметикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Инженерлік-техникалық қызмет және ғимаратты күтіп ұстау, қызмет көрсету бөлімі

- | | |
|---|--------------------------------|
| • 2020 жылға коммуналдық қызметтермен келісімшартқа отыру (Энергосбыт, Бастау, ГоспаСу, АлТС және т.б.) | Қаңтар |
| • Мемлекеттік сатып алуды жүргізу үшін жылыту, ауаны баптау, электро-сантехникалық жүйесінің жұмысын күтіп ұстауға арналған құрал-саймандар мен жабдықтар, материалдар тізімі | ақпан |
| • Қуатты ауа айдағыш қондырғылардың екі қозғалтқышын жөндеу (жұмыс істеу барысында қызады) | Қаңтар, |
| • ЛЭД-экранды тексеру және жөндеу (суық кезеңде, қыста қосылмайды) | Ақпан |
| • Жаз-күз кезеңіне гүлзар суару жүйесін дайындау, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу | Ақпан, наурыз
Наурыз, сәуір |
| • Қуатты қондырғылармен, басты бөліп таратқыш қалқандар бойынша профилактикалық жұмыстар жасау | |
| • Салқындатқыш машинаны (чиллер) жазғы маусымға дайындау | Сәуір
Сәуір, мамыр |

- Қолданыстан шыққан люминесцентті шамдарды жоюға тапсыру
 - Музейдің сыртқы суық су құбырының апаттық жерлерін жөндеу, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу
 - Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ, ОКЗ, Ә. Қастеевтің музей-үйіндегі бақылау-өлшеу аспаптарын мемлекеттік тексеру
 - Жылу маусымы аяқталғаннан кейін келесі жылу маусымына дайындау мақсатымен элеватор мен жылу жүйесі құбырларында профилактикалық жұмыстар жүргізу
 - Жылу маусымының басталуына қажетті инстанциялардан керекті құжаттар дайындап, рұқсат алу
 - Еріген және жауын суларының ішке енбеуі үшін музейдің жұмсақ жабынының бүлінген бөліктеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу.
 - Сыртқы кәріздерді арнайы машиналармен тазарту
 - Күз-қыс кезеңіне дайындық қорытындысымен жылу жүйесі мен желдетуді жуу және қысыммен тексеру
 - Сәтбаев көшесі жағынан бөтен көліктер кірмес үшін қосымша шлагбаум орнату
 - Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес кәсіби сынақтар мен энергетикалық сараптамалар өткізу
 - ОКЗ бойынша жылыту жүйесін жөндеу және қайта құру
 - Су беруші құбыржолға сәнді торлар орнату. Терезелердегі торларды ауыстыру
 - №4 ӨК өрт кранындағы құбырды ауыстыру. Дәнекерлеу жұмыстары
- Мамыр, маусым
- 1-ші жартыжылдық
- Шілде, қазан
- Тамыз, қыркүйек
- 2-ші жартыжылдық
- 2-ші жартыжылдық
- 2-ші жартыжылдық
- 1-ші жартыжылдық
- 1-ші жартыжылдық
- 2-ші жартыжылдық
- Ақпан, наурыз